ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 69 ЖЫЛ

# Қаһарман ұрпаққа тағзым

***«Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер» - дейді халық даналығы. Әжелеріміздің де «ұйқың тыныш болсын» деген тілектерін естіп өстік. Мүлгіген тыныштық бір мезет соғысқа айналған шақта Отанын қорғауға аттанған алпамсадай азаматтар бүгінде көнекөз қарияға айналды. От кешіп, қан жұтқан сол бір жылдар барған сайын бізден алыстауда. Майдан мен тылдың аты аңызға айналған ерлері барған сайын азая түсуде. Бірақ олар жасаған Ұлы ерлік ешқашан ұмытылмақ емес. Уақыт тарих бетін парақтайды. Күн тізіліп, ай алмасып, зымырап жылдар өтеді. Ешбір уақыт ұзақтығы, мерзім межесі көмескіленіп көзден таса, көңілден ұмыт, қалдыра алмайтын жылдар, оқиғалар болады. Сондықтан халық соғыс әкелген қайғы-қасіретті, миллиондаған адамның өмірін қиып, өркениетті кейінге қайтарған, адам қолымен жасаған ұлы құндылықтарды талқандаған қантөгіс, сұрапыл соғысты ешқашан ұмыта алмайды. «Көшпенділер» кинофильміндегі «Ұлдарымыз құл болмасын деп, қыздарымыз күң болмасын деп аттандық майданға» деген жалынды сөздерді естіген сайын ерекше күйге түсетініміз анық. Себебі біздер жауынгер елдің ұрпағымыз. Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында жалынды жастығын отты жылдарға айырбастаған ерлер ерлігін тағы бір мадақ етпекпіз.***

## КИРПИЧЕВ
### Александр Федосеевич



Участник Великой Отечественной войны, кавалер орденов и медалей, кандидат ветеринарных наук Александр Федосеевич Кирпичев долгие годы работал в Западно-Казахстанском сельскохозяйственном институте. Он был доцентом зооинженерного факультета (ныне ветеринарной медицины и биотехнологий), заведующим кафедрой физиологии и биохимии. Совсем недавно А.Ф. Кирпичеву исполнилось 80 лет, но он в прекрасной форме и, как прежде, активен и жизнелюбив. Воинскую службу он начал в августе 1942 года в Ленинградском военном училище связи, которое во время войны располагалось в Уральске в здании педагогического института, где готовили офицеров связи. Закончить училище ему не пришлось. Фронт требовал нового пополнения. Часть курсантов попала на фронт, а ему пришлось учиться еще три месяца в Московской школе старшин радиоспециалистов.

10 августа 1943 года, получив специальность радиста, он был направлен на фронт во 2-ю танковую гвардейскую армию 33-го гвардейского мотострелкового полка отдельного минометного батальона. Этот полк в дальнейшем стал его родным. В составе которого он и прошел всю войну.

В дальнейшем полк был награжден и именовался так: "33-й гвардейский Уманьско-Берлинский Краснознаменный орденов Кутузова, Богдана Хмельницкого и Суворова полк".

Первое боевое крещение он получил на территории Винницкой области у Жмеринки.

По бездорожью, по пахотной земле, по грязи в валенках и полушубках полк проходил с боями по 50 км. в день. Форсировали Днепр, Прут и вышли на территорию Румынии. Вторая танковая армия вела бои на Украинских и 1-м Белорусском фронтах, поэтому Кирпичеву А.Ф. пришлось участвовать в боевых действиях на территории Румынии и Польши, участвовать в освобождении Варшавы и городов Польши, а затем и Германии. За взятие городов и форсирование рек он получил множество благодарностей. Тому подтверждение - записи в его армейской книжке, бережно сохраненной ветераном.

Его воинская часть вела окружение Корсунь-Шевченковской груп¬пировки. Это самое крупное окружение после Сталинграда и уничтожение немецко-фашистских войск Советской Армией. Дойдя до Берлина, эта часть участвовала в разгроме Берлинской группировки немецких войск и захвате столицы фашистской Германии - Берлина. Его минометный батальон вел огонь непосредственно по рейхстагу, а связисты обеспечивали связь.После взятия Берлина полк вышел из боевых действий. Солдаты в лесу, в землянках ждали сообщения об окончании войны. В ночь с 8 на 9 мая во время его дежурства у радиостанции он первым услышал весть о капитуля¬ции немецких войск. А.Ф. Кирпичев поднял взвод связи, а затем и весь минометный батальон. Все торжествовали - стреляли вверх из автоматов, винтовок, пистолетов. Это был салют в честь Победы.

За активное участие в боевых действиях против захватчиков он награжден орденами Отечественной войны, Красной Звезды, меда¬лями "За отвагу", "За боевые заслуги", "За освобождение Варша¬вы", "За взятие Берлина" и другими.

Демобилизовавшись в 1947 году поступил в сельско-хозяйствен-ный техникум. После окончания техникума стал работать и учить¬ся в вечерней школе. Затем поступил на заочное отделение в Московскую ветеринарную академию и получил диплом ветврача. Много лет занимался наукой. Собрал за годы работы материал для канди¬датской диссертации, которую защищал в Москве. Им были сделаны 2 доклада на симпозиумах в университете Дружбы народов им. Патриса Лумумбы и на конференциях в Зап.Каз.СХИ. Опубликовано 30 научных работ, издано две книги.

## БІРІМЖАРОВ
### Әзекен Кәрімұлы



Әзекен Кәрімұлы 1921 жылдың 4 қыркүйегінде БҚО, Жаңақала ауданы, Теректі ауылында дүниеге келген. Жаңақазан орта мектебінде оқып жүрген кезде әкесі заңсыз қуғын-сүргінге ұшырайды. Сол себепті мектепті бітірмей, 16 жасар бала жанұя асырау үшін еңбекке ерте араласып кетеді. «Шынымды айтсам, мен жастық шақ дегенді басымнан өткізген-өткізбегеніме күмәндімін. Фәни жалғанның зейнетінен гөрі бейнетін молырақ таттым. Аз ғана ес жиып келе жатқанда соғыс басталды» - деп сыр бөліскен. Әзекен ағамыз өзі қиыншылық атаулыға бой ұсына бермейтін тұлға. Өмірдің ащысы мен тұщысын көрсе де қазіргі және келешек ұрпаққа үлгі боларлдай елдің сыйлы азаматы.

1942 жылы әскер қатарына шақырылған Әзекен аға Одесса әскери училищесіне түсіп, оқу мерзімі аяқталмай, шұғыл курсанттардан жасақталған 45 дербес атқыштар бригадасы құрамында Орел облысының Елец стансасына аттанады. Осылай олар Орел-Курс иініндегі шабуылға шыққан майдан шебіне қосылады. Әзекен аға танкке қарсы аттанатын зеңбіректің көздеушісі болып тағайындалады.

Оққа кеудеңді төсеп, қарсы жүру, ашық далада танкке қарсы жекпе-жекке шығу әрине қорқынышты. Ұрыстағы айқас тек 10-15 минуттық қана болсын, солдатқа тек 1км-ге жету керек болса да оны әр секундта, жолының әр метрінде өлім өкшелеп жүреді. Әрбір ұрыс адам күшінің, моральдық төзімінің ең соңғы шегі»

Соғыс майданында ауыр жараланған Әзекен госпитальда емделіп, 1944ж наурыздың басында Ленинград майданына Нарва қаласының түбінен, 378 полктің құрамында 76мм зеңбірек расчетының командирі болып тағайындалған Әзекен аға жауынгерлік жұмысты қайта жалғастырады.

Прибалтика майданында екі рет – 1944 жылдың тамыз айында «Ерлігі үшін» медалімен және 1945 жылдың наурыз айында Ұлы Отан соғысы І және ІІ дәрежелі орденімен, «1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған Әзекен аға өз сөзін былай деп қорытындылады.

«Мен Ұлы Отан соғысы майдандарында алдыңғы шепте ұзақ уақыт болып, көп қауіпті жағдайлард, қиыншылықтарды басымнан өткіздім. Әр жауынгердің Отан алдында, өзінің халқы алдында елін қорғау борышы бар. Әр кезеңде де сабырлылықты жоғалтпау керек. Менінше, қорықпайтын адам болмайды, адамның бәрі де ет пен сүйектен жаралған, темір емес, тек сол қорқынышты сабырлылықпен жеңе білген адам - батыр».

1946 жылдың наурыз айында туған жерге оралған Әзекен аға еліне 56 жыл қызмет істеп зейнетке шығады. 28 жыл ауыл шаруашылығында колхоз, совхоз, МТС-та бухгалтер, экономист болып және Жаңақала, Фурманов, Казталов аудандарында ауыл шаруашылығында экономика саласында басшылық қызмет атқарады. 1974-1996жж. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтында экономика саласынан дәріс беріп, мамандар дайындауға қатынасты.

Қазақ Мемлекеттік университетінің Экономика факультетін бітіріп, «Совхоздарда шаруашылық есебі» тақырыбынан кандидаттық диссертация қорғаған.

Жұбайы Балқия Сәрсенқызы екеуі жанұяда үш ұл, бір қыз тәрбиелеп, өсірген.



**«Ерлікке тағзым» кітабынан дайындаған Айнұр БАЗАРОВА**